

## "Жастар іс-тәжірибесін" ұйымдастыру туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 193 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 19 тамызда № 11 -6-138 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 6 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға арналған жұмыссыз жастарға «Жастар іс-тәжірибесі» ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, «Жастар іс - тәжірибесін» ұйымдастыратын кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің тізбесі бекітілсін.

3. Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі (С.Қ. Қани) 2011 жылға «Жол картасы» аясында жергілікті және республикалық бюджеттен қаралған қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

4. Түпқараған ауданының әкімдігінің 27.04.2011 жылғы № 77 «Жастар іс - тәжірибесін ұйымдастыру туралы» қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.А. Алтынғалиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.У. Трумов

« К Е Л І С І Л Д І » :

«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Жарылгапова Оразкул Бекиевна

19 шілде 2011 жыл

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Қани Сара Құлмырзақызы

19 шілде 2011 жыл

**2011 жылға арналған жастар іс-тәжірибесін ұйымдастыратын кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер тізбесі мен еңбекақы мөлшері**

| №  | Кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер атауы                                           | Жұмыс түрлері және көлемі | Жұмыс мерзімі | бір адамға төленетін еңбекақы мөлшері (тенге) | Қаржы-ландыру көзі        |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|---------------|-----------------------------------------------|---------------------------|
| 1  | «Түпқараған аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 2  | «Түпқараған аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі                              | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 3  | «Түпқараған аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 4  | «Ж.Мыңбаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі                               | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 5  | «Шахта орта мектебі» мемлекеттік мекемесі                                            | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 6  | «З.Баймырзаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі                            | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 7  | «М.Әбдіхалыков атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі                           | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 8  | «Айгүл» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны                     | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 9  | «Айгөлек» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны                   | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 10 | «Ақбота» бала бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны                   | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Жергі-лікті бюджет-тен    |
| 11 | «Түпқараған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еншілес кәсіпорны               | Келісім-шартқа сәйкес     | 6 ай          | 26 000                                        | Респуб-ликалық бюджет-тен |
| 12 |                                                                                      |                           | 6 ай          | 26 000                                        | Респуб-ликалық            |

|    |                                                                     |                       |      |        |                          |
|----|---------------------------------------------------------------------|-----------------------|------|--------|--------------------------|
|    | «Сага Аташ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                    | Келісім-шартқа сәйкес |      |        | бюджет-тен               |
| 13 | «ТеңізСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                  | Келісім-шартқа сәйкес | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет-тен |
| 14 | «Маңғыстау кеме жөндеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Келісім-шартқа сәйкес | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет-тен |
| 15 | «Маерск Ойл Казахстан Гмбх» компаниясының филиалы                   | Келісім-шартқа сәйкес | 6 ай | 26 000 | Республикалық бюджет-тен |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК